

"2001 жылғы 4 маусымда жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісімді (Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 1 қараша N 1387

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"2001 жылғы 4 маусымда жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісімді (Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

2001 жылғы 4 маусымда жасалған Қазақстан Республикасы мен
Азия Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісімді
(Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек
жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы

2001 жылғы 4 маусымда жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісімді (Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Заем нөмірі 1774-KAZ

Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі
арасындағы Заем туралы келісім
(Қарапайым операциялар)
(Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы)
(Қазақстандық құрауыш)

2001 жылғы 4 маусым

Заем туралы Келісім
(Қарапайым Операциялар)

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі "Заемшы" деп аталады) мен Азия Даму Банкі (бұдан әрі "Банк" деп аталады) арасындағы 2001 жылғы 4 маусымдағы Заем туралы келісім.

М ы н а л а р д ы :

(А) Заемшы сипатталуы осы Заем туралы Келісімге 1-Қосымшада келтірілетін Жобаның Қазақстандық Құрауышының мақсаттары үшін заем туралы Банкке өтініш жасағанын ;

(В) Қырғыз Республикасы сипатталуы осы Қырғыз Республикасы мен Банк арасындағы Заем туралы Келісім (бұдан әрі Қырғыз Республикасының Заем туралы Келісімі деп аталады) сияқты дәл сол күнгі Заем туралы Келісімде келтірілетін Жобаның Қырғыз Құрауышының мақсаттары үшін заем туралы Банкке өтініш жасағанын ;

(С) Заемшы Жобаның мақсаттары үшін Еуропа - Кавказ - Азия (ТРАКЕКА) Көлік Дәлізі ұйымдарының грант беруі туралы өтініш жасағанын;

(D) Заемшы Жобаның мақсаттары үшін сол сияқты жиырма бес миллион АҚШ доллары (25,000,000 АҚШ доллары) сомасына заем туралы Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкіне (бұдан әрі "ЕҚДБ" деп аталады) өтініш жасағанын;

(Е) Банк сол сияқты Банктің қарапайым күрделі қаражатынан төменде

айтылатын шарттар мен ережелер негізінде Заемшыға заем беруге келіскенін назарға ала отырып;

(F) Банк Қырғыз Республикасының Заем туралы Келісінде айтылатын шарттар мен ережелер негізінде Қырғыз Республикасына заем беруге келісті.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы Келісімдегі тараптар мына төмендегілер туралы келіседі:

I бап
Заемдарды Беру Ережесі; Анықтамалар

1.01-Бөлім

Банктің 1986 жылғы 1 шілдедегі Қарапайым Операциялар кезінде Заемдар Беруге жататын Ережесінің барлық шарттары бұлар онда толық айтылған кездегі дәл сондай күшпен және әрекетпен, алайда, олардың мынадай өзгерістерін (бұдан әрі Заемдарды Беру Ережесі деп аталатын Банктің Қарапайым Операциялар кезінде Заемдер беруге ж а т а т ы н Е р е ж е с і) :

(a) 2.01 (17)-Бөлім алынып тасталып, мынадай ережемен ауыстырылды:

17. "Доллар" немесе "доллар немесе долларлар" термині немесе "\$" белгісі Америка Құрама Штаттарының валютасындағы долларды немесе долларларды білдіреді.

(b) 2.01 (26) және (27)-Бөлімдер алынып тасталды және жаңа 2.01 (26)-Бөлімге енгізілді, ол мынаны білдіреді:

26. "Долларлық Пул" термині өздері бойынша төлемге талап етілмеген сомасы бар, Банктің қарапайым күрделі қаражаттан беретін заемдардан АҚШ долларымен төлемдерді қаржыландыру мақсаттары үшін Банк құратын, АҚШ долларымен қарыз а л у п у л ы н б і л д і р е д і .

(c) 3.02-Бөлімнің бірінші тармағының соңғы сөйлемі алынып тасталды.

(d) 3.02 (b) (ii)-Бөлімі алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

(ii) "Шартты Қарыз алулар" Заемға байланысты өздері бойынша төлеуге

талап етілмеген сомасы бар және іріктеу 1992 жылдың 30 маусымында жүргізілетін Банктің қарыз алуын білдіреді.

(e) 3.06 (a)-Бөлімінің соңғы сөйлемі алынып тасталды, 3.06 (b) Бөліміндегі "Банкке қолайлы күнгі" деген сөздер де алынып тасталды.

(f) 3.07-Бөлім 3.08-Бөлімі болып қайта нөмірленген және мынаны білдіретін жаңа 3.07-Бөлім қосылды:

Бір жолғы Комиссия Бір жолғы комиссия Заем туралы Келісімде көрсетілетін ставка бойынша және шарттар негізінде Заем бойынша төлеуге жатады.

(g) Қайта нөмірленген 3.08-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Төлемнің Орны Заемның негізгі сомасын (егер бола қалса,

үстемеақыны қоса алғанда) және ол бойынша пайыздарды төлеу және Заем бойынша басқа да төлемдерді (бір жолғы комиссияны қоса алғанда) жүзеге асыру Банк олар туралы негізді түрде сұрататын жерлерде төленеді.

(h) 4.02-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Заем Қаражатын

Алу Валютасы Заем Шотынан Қаражат Алу АҚШ долларымен жүргізіледі.

(i) 4.03 (a)-Бөлімі алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

(a) Заемның негізгі сомасы АҚШ долларымен өтеуге жатады.

(j) 4.04-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Пайыздарды Төлеу

Валютасы Заемның кез келген бөлігі бойынша пайыздар АҚШ долларымен төлеуге жатады.

(K) 4.05-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Басқа Төлемдерді Жүзеге

асыру Валютасы 3.03-Бөлімде сөз болған несиені беруге деген міндеттеме үшін алым және 3.07-Бөлімде ол туралы айтылатын бір жолғы комиссия Заем көрсетілетін валютада төлеуге жатады.

(i) 4.09-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Осы Ереженің кез келген шарттарына қарамастан, кері мағынасында Заем туралы сөз болып отырған жағдайда Заем Шотынан қаражат алу Банк қолайлы деп санауы мүмкін осындай валютада немесе валюталарда шоттан осылай қаражат алу мақсаттары үшін АҚШ долларымен төлемдер жүргізу мүмкіндігі жоқ екендігін Банк анықтаған ерекше жағдайларда жүргізіледі. Заемның сөз болып отырған негізгі сомасының бір бөлігі өтеуге жатады және осындай негізгі сома бойынша пайыздар осындай валютада немесе валюталарда төлеуге жатады. Төленуі осындай валютада немесе валюталарда

жүргізілетін Заемның негізгі сомасына қолданылатын пайыздық ставка Банктің осындай валютадағы шығыстарына немесе валютаны қосу спред - шығыстарға да негізделеді,

спредті де осы уақытта Банк негізді түрде анықтайды.

(m) 5.02-Бөлім алынып тасталды және 5.03, 5.04, 5.05, 5.06 және 5.07-Бөлімдер тиісінше 5.02, 5.03, 5.04, 5.05, 5.06-Бөлімдер болып қайта нөмірленді.

(n) Қайта нөмірленген 5.02-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Заем Шотынан Қаражат Алуға

арналған Өтінім Заемшы Заем Шотынан қандай да болмасын соманы алғысы келген жағдайда, Заемшы Банкке Банк негізді түрде сұрататын нысандағы және өтінімдер мен тұжырымдаманы қамтитын өтінімді ұсынады. Банк пен Заемшы арасында өзгеше келісілгеннен басқа жағдайларды қоспағанда, осы Бапта төменде айтылатын қажетті құжаттамамен бірге шоттан қаражат алуға арналған өтінімдер Жобаға арналған шығыстарға байланысты уақытылы ұсынылады.

(o) 5.02-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Банктің күшін жоюы

Егер (i) Заемшының Заем Шотынан қаражат

алуды жүргізу құқығы Заемның қандай да болмасын сомасына қатысты ұзақтығы отыз (30) күн кезеңге тоқтатыла тұрса, немесе

(ii) Банк Заемшымен консультациядан кейін қандай да болмасын уақытта Заемның мақсаттары үшін Заемның қандай да болмасын сомасы қажет етілмейтінін анықтаған болса, немесе

(iii) Банк қандай да болмасын уақытта Заем қаражатынан қаржыландырылатын қандай да болмасын келісім-шартқа қатысты Заемшы

өкілдерінің немесе Заем алушының
тарапынан сатып алу/консультанттарды
іріктеу кезінде сыбайлас жемқорлық
тәсілдері немесе алаяқтық іс-тәжірибе
орын алғанын немесе Заемшының ахуалды
түзету жөнінде Банк үшін қолайлы
уақытылы және тиісті шаралар қолданбай
осындай келісім-шартты орындағанын
анықтаған болса, немесе
(iv) Банк қандай да болмасын уақытта Заем
қаражатынан қаржыландырылатын қандай да
болмасын келісім-шартқа байланысты сатып
алу Заем туралы Келісімде баяндалатын
немесе ол туралы айтылатын рәсімдерге
сәйкес келмейтінін анықтаған болса, немесе
(v) шоттан қаражатты алудың соңғы мерзімі
ретінде Заем туралы келісімде
көрсетілетін күні Заем сомасы Заем
Шотынан алынбаған болып шықса, Банк егер
осындай бола қалса, Заемшыны және
Кепілгерді хабардар ете отырып, Заемшының
осындай сомаға немесе келісім-шартқа
қатысты шоттан қаражат алуды жүргізу
құқығын тоқтата алады. Осындай
хабарламадан кейін ол туралы сөз болып
отырған Заем сомасы немесе оның бөлігі
күшін жояды.

(p) 8.04-Бөлім алынып тасталды және 8.05, 8.06 және 8.07-Бөлімдер тиісінше 8.04,
8.05 және 8.06-Бөлімдер болып қайта нөмірленді.

1 . 0 2 - Б ө л і м

Егер контекстен өзгеше туындамаса, әрбір кезде Заемдар Беру Ережесінде
анықтамасы берілетін терминдерді осы Заем туралы Келісімде пайдалану кезінде
оларда көрсетілетін тиісті мағыналары болады және мынадай қосымша терминдердің
мынадай мағыналары болады:

(a) "Консультациялық Техникалық Көмек" Банк Жобаға байланысты Заемшының Үкіметіне көрсететін, Жол Саласының Тиімділігін арттыру жөніндегі техникалық көмекті білдіреді;

(b) Траншекаралық Өту туралы Келісім" ортақ шекара арқылы адамдардың, тауарлар мен көлік құралдарының өтуін реттеу және жеңілдету мақсатында 1999 жылғы 15 қарашадағы Заемшының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Келісімді білдіреді;

(c) "Қазақстандық Құрауыш" осы Заем туралы Келісімге 1-Қосымшада айтылатын Жобаның Заем қаражатынан қаржыландырылатын құрауышын білдіреді;

(d) "Қырғыз Құрауышы" осы Келісімнің Декларациялық Бөлімінің (B)

бөлігінде айтылатын Жобаның Қырғыз Республикасының Заем қаражатынан қаржыландырылатын құрауышын білдіреді;

(e) "ККМ" Заемшының Көлік және Коммуникациялар Министрлігін білдіреді және оның кез келген құқықтық мирасқорын қамтиды;

(f) "ЖОТ" Жоба үшін ККМ-нің құрған Жобаны Орындау жөніндегі Топты білдіреді.

(g) "ЖБК" Банк ұсынған N 1455-KAZ Заемның қаражатынан қаржыландырылатын Жолды Қайта Жаңарту туралы Жобаға сәйкес құрылған Жобаны Басқару жөніндегі Комитетті білдіреді;

(h) "Жобаны Ұйымдастырушы-Орындаушы" Заемдар Беру Ережесін мақсаттары үшін және оның мағынасында Жобаның орындалуына жауапты ККМ-ды білдіреді;

(i) "Жол": Жобаға сәйкес қайта жаңартылатын Алматы - Бішкек жолы.

II бап Заем

2.01-Бөлім

Банк Заемшыға Банктің қарапайым күрделі қаражатынан елу екі миллион АҚШ долларын (52,000,000 АҚШ доллары) құрайтын соманы беруге келісім береді.

2.02-Бөлім

Заемшы Заемдар Беру Ережесінің 3.02-Бөліміне сәйкес анықталатынындай Банкке пайыздар төлейді.

2.03-Бөлім

(а) Заемшы нөл бүтін жүзден жетпіс бес пайызды (0,75%) құрайтын ставка бойынша несие беру міндеттемесі үшін алым төлейді. Мұндай алым осы Заем туралы Келісімнің күнінен кейін алпыс (60) күннен кейін басталатын бірінен кейін бірі өтетін уақыт кезеңінде Заемның сомасы бойынша (шоттан мерзімді алынатын соманы шегере отырып) былайша:

ұзақтығы он екі ай бірінші кезеңде 7,800,000 АҚШ доллары бойынша;
ұзақтығы он екі ай екінші кезеңде 23,400,000 АҚШ доллары бойынша;
ұзақтығы он екі ай үшінші кезеңде - 44,200,000 АҚШ доллары бойынша;

және

одан кейін Заемның толық сомасы бойынша есептеледі.

(b) Егер Заемның қандай да болмасын сомасының күші жойылған болса онда осы Бөлімнің (а) тармағында көрсетілетін Заемның әрбір бөлігінің сомасы күшін жою Заемның толық сомасына осындай күшін жоюға дейін қандай мөлшерлес шамада болса, дәл сондай мөлшерлес шамада кемітіледі.

2.04-Бөлім

Заемшы Банкке Заем сомасының бір пайызына (1%) тең сомада Бір жолғы Комиссия төлейді.

2.05-Бөлім

Заем бойынша Пайыздар мен ол бойынша басқа да төлемдер әрбір жылдың 15 сәуірінде және 15 қазанында жарты жылда бір рет төленуге және жүзеге асырылуға жатады.

2.06-Бөлім

Заемшы осы Заем туралы Келісімге 2-Қосымшада көрсетілетін борышты бірте-бірте өтеу кестесіне сәйкес Заем шотынан алынатын Заемның негізгі сомасын өтейді.

III бап

Заем Қаражатын Пайдалану

3.01-Бөлім

Заемшы Заем қаражатының осы Заем туралы Келісімнің ережелеріне сәйкес Жоба бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

3 . 0 2 - Б ө л і м

Тауарлар, қызметтер және Заем қаражатынан қаржыландырылатын шығыстардың басқа да баптары және осындай тауарлардың, қызметтердің және шығыстардың басқа да баптарының әр түрлі санаттары бойынша Заем сомасын бөлу осы Заем туралы Келісімге 3-Қосымшаның ережелеріне сәйкес болады және Заемшы мен Банк арасындағы келісім бойынша 3-Қосымшаға белгілі бір уақытта түзетулер енгізілуі м ү м к і н .

3 . 0 3 - Б ө л і м

Банк өзгеше шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа, Заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарларды және қызметтерді сатып алу осы Заем туралы Келісімге 4-Қосымша мен 5-Қосымшаның ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Банк Заемшы мен Банк арасында келісілген рәсімдерге сәйкес шын мәнінде рәсімдерге сәйкес тауарлар немесе қызметтер сатып алынбаған

жағдайларда немесе келісім-шарттың шарттары мен ережелері Банк үшін қолайлы болып табылмайтын жағдайларда келісім-шартты қаржыландырудан бас тартуы мүмкін.

3.04-Бөлім

Банк өзгеше шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа, Заемшы Заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлар мен қызметтердің тек қана Жобаның орындалуына пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

3.05-Бөлім

Заемдар Беру Ережесінің 8.03-Бөлімінің мақсаттары үшін Заем Шотынан Қаражат алудың соңғы күні 2005 жылдың 30 маусымы немесе Заемшы мен Банк арасында белгілі бір уақытта келісілуі мүмкін осындай өзге күн болып

табылады.

IV БАП Ерекше Шарттар

4.01-Бөлім

(а) Заемшы Жобаның ұтымды әкімшілік, қаржылық, техникалық, табиғат қорғау және жол құрылысында қабылданған іс-тәжірибеге сәйкес тиісінше және табысты орындалуын қамтамасыз етеді.

(b) Жобаны орындау және Жобаға енгізілген объектілерді пайдалану кезінде Заемшы осы Заем туралы Келісімге 6-Қосымшада айтылатын барлық міндеттемелерді орындайды немесе орындалуын қамтамасыз етеді.

4 . 0 2 - Б ө л і м

Заемшы қажетіне қарай Жобаны орындау үшін және Жобаға енгізілген объектілерді пайдалану және техникалық ұстау үшін Заем қаражатына қосымша ретінде талап етілетін барлық құралдарды, оның ішінде техникалық, қызметтерді, жер учаскелерін және басқа ресурстарды береді.

4 . 0 3 - Б ө л і м

(а) Жобаны орындау кезінде Заемшы Заемшы мен Банк үшін қолайлы шекте және шарттар мен ережелер негізінде Заемшы мен Банк үшін қолайлы құзыретті және білікті консультанттарды жалдауды қамтамасыз етеді.

(b) Заемшы Жобаның Заемшы мен Банк үшін қолайлы жоспарларға, техникалық шарттарға, жұмыстардың күнтізбелік жоспарларына және құрылыс әдістеріне сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді. Заемшы осындай жоспарлар, техникалық шарттар мен жұмыстың күнтізбелік жоспарлары және Банк олар туралы негізді түрде сұрататын егжей-тегжейлі етіп кейінірек оларға енгізілген кез келген елеулі өзгерістерді әзірлегеннен кейін дереу Банкке ұсынады немесе ұсынылуын қамтамасыз етеді.

(с) Заемшы Жобаның Заемшы мен банк үшін қолайлы жоспарларға, жобалық-конструкторлық стандарттарға, техникалық шарттарға, жұмыстың күнтізбелік жоспарларына және құрылыс жұмыстарын жүргізу әдістеріне сәйкес Жобаның орындалуын қамтамасыз етеді.

Заемшы Банк олар туралы негізді түрде сұрататын егжей-тегжейлікпен осындай

жоспарлар, жобалық-конструкторлық стандарттар, техникалық шарттар мен жұмыстардың күнтізбелік жоспарлары және кейіннен оларға енгізілген кез келген елеулі өзгерістерді әзірленгеннен кейін дереу Банкке ұсынады және ұсынылуын қамтамасыз етеді.

4 . 0 4 - Б ө л і м

Заемшы істерді ұтымды басқару принциптеріне және тәртібіне сәйкес Жобаны орындауға және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуына қатысты ведомстволар мен ұйымдардың қызметін жүргізуді және үйлестіруді қамтамасыз етеді.

4 . 0 5 - Б ө л і м

(а) Заемшы ұтымды тәжірибеге сай осындай көлемде және осындай тәуекелден және осындай сомада Жобаға енгізілген объектілерді сақтандыру бойынша Банк үшін қолайлы шараларды қабылдайды.

(b) Заемшы алдыңғы ережелердің әрекетін шектеместен, Жоба үшін әкелінетін және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды оларды сатып алуға, тасымалдауға, пайдалану орнына жеткізуге немесе орнатуға байланысты тәуекелдерден сақтандыруға немесе сақтандырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді және осындай сақтандыруға қатысты кез келген өтеу осындай тауарларды жөндеу немесе айырбастау үшін еркін пайдаланылатын валютада төлеуге жатады.

4 . 0 6 - Б ө л і м

(а) Заемшы тауарлардың, қызметтердің және Заем қаражатынан қаржыландырылатын шығыстардың басқа да баптарының жіктемесі, олардың Жобада пайдаланылуы туралы ақпаратты анықтау, Қазақстан Құрауыштың орындалу барысын ескеру (оған шығындарды қоса алғанда) және Қазақстандық Құрауыштың немесе оның кез келген бөлігінің және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуы үшін жауапты Заемшы ұйымдарының қызметі мен қаржылық ережелері бухгалтерлік есебінің тұрақты сақталатын ұтымды принциптеріне сәйкес көрсету жөніндегі тиісті талаптарға жауап беретін есептік жазбалар мен шоттар жүргізеді немесе жүргізілуін қамтамасыз етеді.

(b) З а е м ш ы :

(i) Жоба бойынша жеке шоттар жүргізеді немесе жүргізілуін қамтамасыз етеді;
(ii) Банк үшін біліктілігі мен құзыретінің шегі қолайлы тәуелсіз аудиторлармен аудит жүргізудің тиісті және тұрақты қолданылатын стандарттарына сәйкес осындай шоттардың және олармен байланысты қаржылық есептердің жыл сайынғы аудитін

жүргізуді

қамтамасыз

етеді;

(iii) Банкке дайындық шамасына қарай дереу, бірақ өзі туралы сөз болып отырған әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоғыз (9) айдан кешіктірмей, аудиті жүргізілген осындай шоттардың және қаржылық есептердің расталған көшірмелерін және аудиторлардың оларға жататын есебін (Заем қаражатының пайдаланылуы және осы Заем туралы Келісім ережелерінің сақталуы туралы, сондай-ақ шығыстар туралы есепке жататын рәсімдердің пайдаланылуы туралы аудиторлардың қорытындысын қоса алғанда), барлық құжаттарды - ағылшын тілінде ұсынады; және

(iv) Банкке өздеріне Банк белгілі бір уақытта негізді түрде сұрататын осындай шоттарға және қаржылық есептерге және олардың аудитіне жататын осындай басқа да а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы .

(с) Банктің сұратуы бойынша Заемшы Банкке Жоба бойынша Заемшының қаржылық есебін және Жобаға, Заемшының аудиторуна байланысты оның қаржылық істерін дүркін-дүркін талқылауға мүмкіндік береді және Банктің сұратуы бойынша жүргізілетін осындай аудиторлардың кез келген өкілдерінің кез келген осындай талқылауға қатысуына уәкілеттік береді және егер Заемшы өзгеше шешім қабылдаса, кез келген осындай талқылау тек Заемшының уәкілетті қызметкерінің қатысуымен жүргізілген жағдайда, осындай өкілдердің осындай талқылауға қатысуын талап етеді.

4 . 0 7 - Б ө л і м

(а) Заемшы Банк негізді түрде сұрататын және олардың мәні:

(i) Заем және оның қаражатын жұмсау және оларға қызмет көрсетуді жүргізу;

(ii) Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтер және шығыстардың басқа да баптары; (i i i) Ж о б а ;

(iv) Жобаны немесе оның қандай да бір бөлігін орындауға және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуына жауапты Заемшы ұйымдарының істерін, қызметін және қаржылық жағдайын басқару;

(v) Заемшының аумағындағы қаржылық және экономикалық жағдай және Заемшының басқа елдермен есеп айырысуларында төлем теңгерімінің жай-күйі; және

(vi) Заем мақсатына жататын кез келген басқа мәселелер болып табылатын барлық осындай есептер мен ақпараттарды Банкке ұсынады және ұсынылуын қамтамасыз етеді .

(b) Заемшы алдыңғы ережелердің әрекетін шектеместен, Банкке Жобаның орындалуы және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуы және оларды басқару туралы тоқсандық есептерді береді немесе берілуін қамтамасыз етеді. Мұндай есептер Банк негізді түрде сұрататын нысанда және егжей-тегжейлікпен және мерзімдерде ұсынылады және оларда, атап айтқанда, қол жеткен нәтижелер және қаралып отырған

кезең ішінде тап болған проблемалар, осы проблемаларды шешу үшін қабылданған немесе қабылдауға ұсынылатын шаралар және қызметтің ұсынылатын бағдарламасы және келесі тоқсан ішінде күтіліп отырған нәтижелер көрсетіледі.

(с) Жоба іс жүзінде аяқталғаннан кейін тез арада және қалай болғанда да ол аяқталғаннан кейін үш (3) айдан немесе осы мақсат үшін Заемшы мен Банк арасында келісілуі мүмкін осындай неғұрлым кеш мерзімнен кешіктірмей, Заемшы өздері туралы Банк негізді түрде сұрататын нысанда және егжей-тегжейлілікпен Жобаны орындауға жұмсалған шығындарды қоса алғанда, оның орындалуы және бастапқы іс-әрекеті, Заемшының осы Заем туралы Келісімге сәйкес өзінің міндеттемелерін орындауы және Заем мақсаттарының орындалуы туралы есеп дайындайды және Банкке ұсынады.

4 . 0 8 - Б ө л і м

Заемшы Банктің өкілдеріне Жобаға, Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларға және қаралатын мәселелерге қатысты кез келген есеп жазбалары мен құжаттарға тексеру жүргізуге мүмкіндік береді.

4 . 0 9 - Б ө л і м

Заемшы ұтымды әкімшілік, қаржылық, техникалық, табиғат қорғау жол құрылысында қабылданған іс-тәжірибеге және техникалық құралдарды ұстауға және пайдалануға сәйкес Жобаға енгізілген объектілерді пайдалануды, техникалық ұстауды және жөндеуді қамтамасыз етеді.

4 . 1 0 - Б ө л і м

(а) Заемшы мен Банктің екі жақты ниеті сол, ол Банктен өзгеше, несие беруші алдындағы ешқандай да басқа сыртқы борыштың Заемшының мүлкіне қатысты борыштар үшін мүлікті ұстап қалу құқығы түріндегі Заеммен салыстырғанда, басым жағдайының болмайтындығында. Осы мақсатта Заемшы:

(i) егер - Банк өзгеше шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа, егер қандай да болмасын сыртқы борышты қамтамасыз ету ретінде Заемшының мүлкіне қатысты борыштар үшін мүлікті ұстап қалудың қандай да болмасын құқығы қалыптасса, осындай құқық фактінің өзіне байланысты тең және мөлшерлес түрде Заемның негізгі сомасы мен ол бойынша пайыздарды және Заем бойынша басқа да төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететініне; және

(ii) Заемшы кез келген осындай құқықты қалыптастырған немесе оған жол берген кезде осы мағынада тікелей тұжырымдалған ережені ұсынатынына міндеттенеді.

(b) Осы Бөлімнің (а) тармағының ережелері:

(i) осындай мүлікті сатып алу бағасын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ғана, мүлікті сатып алу сәтінде оған қатысты құралатын борыштар үшін қандай да болмасын мүлікті ұстап қалу құқығына; немесе

(ii) банктік операциялардың қарапайым барысында туындайтын борыштар үшін қандай да болмасын мүлікті ұстап қалу және төлеу мерзімі туындаған күннен кейінгі кемінде бір жылдан кейін басталатын борышты қамтамасыз ету құқығына қолданылмайды.

(с) Осы Бөлімнің (а) тармағында пайдаланған кезде "Заемшының мүлкі" термині Қазақстанның Ұлттық Банкін және Заемшының орталық банкінің функцияларын орындайтын кез келген басқа мекемені қоса алғанда, кез келген әкімшілік бірліктің немесе Заемшының мекемесінің мүлкін және осындай әкімшілік бірліктің кез келген мекемесінің мүлкін қамтиды.

V БАП

Күшіне енуі

5.01-Бөлім

Төмендегілер Заемдар Беру Ережесінің 9.01 (f) Бөлімінің мақсаттары үшін осы Заем туралы Келісімді күшіне енгізудің қосымша шарттары ретінде көрсетіледі:

(a) Қырғыз Республикасының Заем туралы келісімі тиісті негізде жасалды және осы Келісімдегі тараптарға ресми берілді және осы Заем туралы Келісімнің күшіне жаңадан енгенін ескере отырып, оның шарттарына сәйкес күшіне енді; және

(b) Трансшекаралық Өту туралы Келісім күшіне енді.

5 . 0 2 - Б ө л і м

Төмендегілер Заемдар Беру Ережесінің 9.02 (d) Бөлімінің мақсаттары үшін Банкке ұсынылатын қорытындыға немесе қорытындыларға енгізілетін қосымша мәселе ретінде көрсетіледі;

Трансшекаралық Өту туралы Келісім тиісті түрде мақұлданды немесе Заемшы бекітті және жасалды және оның атынан ресми түрде берілді, оның шарттары мен ережелеріне сәйкес Заемшы үшін міндетті заң күші бар және Заемшының аумағында күшіне енгізілді.

5.03-Бөлім

Осы Заем туралы Келісім күнінен кейінгі тоқсан (90) күннен кейін басталған күн Заемдар Беру Ережесінің 9.04-Бөлімінің мақсаттары үшін Заем туралы Келісімін күшіне енуі үшін көрсетіледі.

VI бап Өзге ережелер

6.01-Бөлім

Заемшының Қаржы министрі Заемдар Беру Ережесінің 11.02-Бөлімінің мақсаттары үшін Заемшының өкілі болып тағайындалады.

6.02-Бөлім

Заемдар Беру Ережесінің 11.01-Бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының Мекен-жайы:

Ministry of Finance	Қаржы министрлігі
33 Pobeda Street	Астана
Astana	Жеңіс даңғылы 33

Facsimile Number:	Факсимилдік Байланыс Нөмірі:
(7-3172) 117762	(7-3172) 117762

Банктің Мекен-жайы:

Asian Development Bank	Азия Даму Банкі
P.O. Box 789	Почталық Абонемент Жәшігі 789
0980 Manila	0980 Манила
Philippines	Филиппины

Facsimile Numbers:	Факсимилдік Байланыс Нөмірі:
(632) 636-2444	(632) 636-2444
(632) 636-2428	(632) 636-2428

Осыны куәландыра отырып, осы Келісімдегі тараптар өздерінің тиісті негізде уәкілеттік берілген өкілдері арқылы әрекет ете отырып, өздерінің аттарынан осы Келісімге қол қойылуын және жоғарыда бас кезінде көрсетілген күні мен жылы оның Банктің бас басқармасына ресми түрде берілуін қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы үшін

Азия Даму Банкі үшін

Құжаттарға қол

Құжаттарға қол

қоюға уәкілеттік

қоюға уәкілеттік

берілген ресми

берілген ресми

тұлғаның қолы _____

тұлғаның қолы _____

1-қосымша

Жобаны Сипаттау

1. Жобаның мақсаты жол инфрақұрылымын дамыту, жүйе мен шекараны бақылау рәсімдері мен жүйесін жаңғырту, трансшекаралық өтуге байланысты техникалық құралдарды жетілдіру, жол қозғалысы қауіпсіздігін үйлестіру мен басқаруды жақсарту және жолдың техникалық жағынан күтудің тиімді жүйесін енгізу арқасында Алматы және Бішкек қалаларының арасындағы қосалқы аймақтық маңызы бар автомобиль тасымалдары үшін негізгі көлік желісінің тиімділігі мен сенімділігін арттыру болып т а б ы л а д ы .

2. Жоба Қазақстандық және Қырғыз Құрауыштарынан тұрады. Қазақстан Құрауыштарына мыналар енеді:

(i) жобалық - конструкторлық жұмыстар және құрылысты қадағалау бойынша консультациялық қызметтерді қоса алғанда Алматы Қаласының маңынан Қырғыз Республикасындағы Ақжол - Шу елді мекеннің маңына дейін шамамен 205 км Жолды қайта жаңарту;

(ii) шекарадан өткен кезде қазақстан жағында Ақжол - Шу елді мекенінің маңындағы кеденді техникалық жарактандыруды жақсарту; және

(iii) жолды техникалық күтіп ұстауға арналған және зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

3. Қазақстандық Құрауышты 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтау көзделіп отыр.

2-қосымша

Борышты Біртіндеп Өтеу Кестесі

(Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек Жолын Қайта жаңарту Жобасы)

(Қазақстандық Құрауыш)

Төлемнің Келісілген Мерзімі Негізгі Соманы Төлеу
(АҚШ долларымен)*

2005 жылғы 15 сәуір	430,500
2005 жылғы 15 қазан	452,000
2006 жылғы 15 сәуір	474,600
2006 жылғы 15 қазан	498,300
2007 жылғы 15 сәуір	523,200
2007 жылғы 15 қазан	549,400
2008 жылғы 15 сәуір	576,900
2008 жылғы 15 қазан	605,700
2009 жылғы 15 сәуір	636,000
2009 жылғы 15 қазан	667,800
2010 жылғы 15 сәуір	701,200
2010 жылғы 15 қазан	736,200
2011 жылғы 15 сәуір	773,100
2011 жылғы 15 қазан	811,700
2012 жылғы 15 сәуір	852,300
2012 жылғы 15 қазан	894,900
2013 жылғы 15 сәуір	939,600
2013 жылғы 15 қазан	986,600
2014 жылғы 15 сәуір	1,036,000
2014 жылғы 15 қазан	1,087,800
2015 жылғы 15 сәуір	1,142,100
2015 жылғы 15 қазан	1,199,300
2016 жылғы 15 сәуір	1,259,200
2016 жылғы 15 қазан	1,322,200
2017 жылғы 15 сәуір	1,388,300
2017 жылғы 15 қазан	1,457,700
2018 жылғы 15 сәуір	1,530,600
2018 жылғы 15 қазан	1,607,100
2019 жылғы 15 сәуір	1,687,500
2019 жылғы 15 қазан	1,771,800

2020 жылғы 15 сәуір	1,860,400
2020 жылғы 15 қазан	1,953,500
2021 жылғы 15 сәуір	2,051,100
2021 жылғы 15 қазан	2,153,700
2022 жылғы 15 сәуір	2,261,400
2022 жылғы 15 қазан	2,374,400
2023 жылғы 15 сәуір	2,493,200
2023 жылғы 15 қазан	2,617,800
2024 жылғы 15 сәуір	2,748,700
2024 жылғы 15 қазан	2,886,200
Жиыны	52,000,000

Мерзімінен бұрын төлеу кезіндегі үстемеақы

Мынадай пайыздағы сандар Заемдарды Беру Ережесінің 6.06 (b) Бөліміне сәйкес Заемның негізгі сомасының қандай да болмасын бөлігін төлеу мерзімі басталғанға дейін мерзімінен бұрын өтеу кезінде төлеуге жататын үстемеақы ретінде көрсетіледі.

Мерзімінен бұрын Төлем
Уақыты

Үстемеақы

Мерзімінен бұрын төлеу күні төлемге
ұсынылмаған Заемның қалдығына
қолданылатын, мыналарға көбейтілген
пайыздық ставка (жылына пайыздар
түрінде айтылатын):

Төлем мерзімі басталғанға дейін
кемінде үш жыл бұрын 0,13

3 жылдан астам, бірақ төлем
мерзімі басталғанға дейін 0,25
кемінде 6 жылдан аспауы тиіс

6 жылдан астам, бірақ төлем
мерзімі басталғанға дейін 0,46
кемінде 11 жылдан аспауы тиіс

11 жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 16 жылдан аспауы тиіс	0,67
16 жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 20 жылдан аспауы тиіс	0,83
20 жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 22 жылдан аспауы тиіс	0,92
Төлем мерзімі басталғанға дейін 22 жыл бұрын	1,00

3-қосымша

Заем қаражатының шотынан бөлу және алу

Жалпы Мәліметтер

1. Осы Қосымшаға қосымша болып табылатын кестеде Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар, қызмет көрсетулер және басқа баптардың санаттары және осындай әрбір Санат бойынша Заем сомасын бөлу (бұдан әрі "Кесте" деп аталатын) ұсынылады. (Осы Қосымшада "Санатқа" немесе "Санаттарға" сілтеме Кестедегі Санат пен Санаттарға қатысты).

С а л ы қ т а р

2. Заемның шотынан ешқандай қаражат алу қандай да болмасын жергілікті салықтарға қатысты жүргізілмейді.

Банктің қаржыландыру пайызы

3. Банк өзге шешім қабылдауы мүмкін басқа жағдайларды қоспағанда Кестеде санамаланған Санаттар бойынша шығыстардың баптары Кестеде көрсетілген пайыздардың негізінде Заем қаражатынан қаржыландырылады.

4. Осы Ереженің 5-тармағына қарамастан, осы Заем туралы Келісімге 4-қосымшаның тиісті ережелеріне сәйкес халықаралық бәсекелестік саудаластық жүргізгеннен кейін жергілікті берушімен жүргізілген кез-келген келісім-шарт мынадай негізде :

(а) жергілікті берушіден сатып алынған тауарлар жергілікті өндіріс тауарлары болып табылатын жағдайда берілетін тауарларға қойылатын франко-зауыттың бағасы 100% (кез келген салықтарды қоспағанда); және

(b) келісім-шарттың бағасы жергілікті берушіден сатып алынған тауарлар импорттық болып табылатын жағдайда құрауыштың 100%-ы шетелдік валютада келісім-шарттың бағасы Заем қаражатынан қаржыландырылады.

Ж е р г і л і к т і Ш ы ғы с т а р

5. (а) Жергілікті шығыстарды қаржыландыру мақсаты үшін 17,500,000 АҚШ долларына бара-бар сомада дейінгі Заем қаражаты шетел валютасында Заем Шотынан а л ы н у ы м ү м к і н .

(b) Осы тармақта өзгеше қарастырылған немесе Банк өзге шешім қабылдауы ықтимал жағдайларды қоспағанда Заем шотынан ешқандай қаражат алу Жоба бойынша қандай да болмасын жергілікті шығыстарға қатысты жүргізілмейді.

Б і р ж о л ғы к о м и с с и я

6. Осы Заем туралы Келісімнің 2.04-бөлімінде айтылатын 6-санатқа жатқызылған сома бір жолғы комиссияны қаржыландыруға арналады. Банк Күшіне Енген Күні немесе осы күннен кейін дереу Заем Шотынан алуға және Заемшының атынан осындай комиссияның сомасын өзіне төлеуге құқығы бар.

Қ а й т а б ө л у

7. Кестеде көрсетілген Заем қаражатын бөлуге және шоттан қаражат алу пайызына қарамастан және осы Қосымшаның 5-тармағын ескере отырып.

(а) Егер қандай болмасын санатқа жатқызылған сома осы Санаттағы келісілген барлық шығыстарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып табылса, Банк Заем а л у ш ы н ы х а б а р д а р е т е о т ы р ы п :

(I) басқа санатқа жатқызылған Заем сомасын бағалауға сәйкес жетіспеушілікті жабу үшін талап етілген көлемде, бірақ Банктің пікірінше олардың басқа шығыстарды жабу үшін қажеті жоқ осындай санатқа жатқызыла отырып, қайта бөлуге, және

(II) егер осындай қайта бөлу кезінде бағалауға сәйкес жетіспеушілікті толық жабу мүмкін болмаса, осындай Санат бойынша Шоттан одан әрі қаражат алу үшін ол бойынша барлық шығыстар жүргізілмейінше, осындай шығыстарға қолданылатын шоттан қаражат алу пайызын төмендетуге; және

(b) Егер осы жағдайда қандай да болмасын Санатқа жатқызылып отырып бөлінген Заем сомасы осы Санаттағы барлық келісілген шығыстардан асып түсетіндей болып табылса, Банк Заем алушыны хабардар ете отырып, қандай да болмасын басқа Санатқа жатқыза отырып осындай артық соманы қайта бөле алады.

8. Шығыстар туралы есеп (ШЕ) рәсімі "Заемды Төлеу туралы Басшылыққа"

сәйкес (1996 жылғы маусым) оған мерзімді енгізілген түзетулер мен Заем алушы мен Банк арасында қол жеткізілген нақты уағдаластықтармен Жобаны басқаруға арналған қолайлы шығыстарды өтеу үшін пайдаланылады. ШЕ рәсімдемесіне сәйкес өтелетін немесе орны толтырылатын жекелеген төлемнің сомасы 60,000 АҚШ долларына бара-бар сомадан аспайды.

3-қосымшаға толықтыру

Кесте

Заем қаражатын бөлу және шоттан алу
(Аймақтық Маңызы бар Алматы - Бішкек Жолын Қайта құру жобасы)
Қазақстандық Құрауыш

Санаты	!Банктің !пайызы	Қаржыландыру
--------	---------------------	--------------

Нөмірі!	Шығыстардың Баптары!	Осы Санатқа!	Пайызы!	Заем Шотынан қаражат алу үшін Негіздеме
!	!Жатқызылған!	!	!	!
!	! Сума	!	!	!

1	Инженерлік-Құрылыс жұмыстары	31,800,000	69	жиынтықта шығыстардың пайызы
---	------------------------------	------------	----	------------------------------

(37% - шетелдік және 32% - жергілікті шығыстар)

2	Жобаны Басқару	500,000	100	жергілікті шығыстардың пайызы*
---	----------------	---------	-----	--------------------------------

3	Жабдық	10,300,000	100	шетелдік шығыстардың пайызы
---	--------	------------	-----	-----------------------------

100 шетелдік шығыстардың пайызы

4	Консультациялық Қызметтер	3,850,000	100	жергілікті шығыстардың пайызы*
---	---------------------------	-----------	-----	--------------------------------

5 Бір жолғы комиссия 520,000 тиесілі сома

6 Бөлінбеген Сом 5,030,000
Жиыны 52,000,000

* Жергілікті шығыстарды қоспағанда

4-қосымша
Сатып алулар

1. Банк өзге шешім қабылдаған жағдайды қоспағанда, осы Қосымшаның келесі тармақтарында ол туралы айтылатын рәсімдер Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде қолданылады. Осы Қосымшадағы және Толықтыруда "қызметтер" термині консультациялық қызметтерді қоспайды.

2. Тауарлар мен қызметтерді сатып алуға 1999 жылғы ақпанда қайта қаралған Заемшыға ұсынылған оларға мерзімді енгізілген түзетулермен қоса "Азия Даму Банкінің Заемдары бойынша Сатып алу Ережесі" (бұдан әрі "Сатып алу Ережесі" деп аталатын) ережесі қолданылады.

3. Төменде келтірілген 5-тармақта өзге көзделгеннен басқа жағдайда, Тауарлар мен қызметтерді сатып алу қандай да болмасын бір жеке беруші немесе мердігерге немесе қандай да болмасын берушілер мен мердігерлердің жеке тобына қатысты немесе қандай да болмасын бір жеке беруші немесе мердігерге немесе қандай да болмасын берушілер мен мердігерлердің жеке тобына таңдау жасау қандай да болмасын шектеу қойылмай жүргізіледі.

4. (а) Жолды қайта құру жөніндегі инженерлік-құрылыс жұмыстарын жүргізуге келісім-шарт және жолдың техникалық күтіп ұстауға арналған жабдықтарды беруге келісім-шарт сипатталуы Сатып алу Ережелерінің II Тарауында келтірілген бәсекелестік сауда-саттықтар негізінде жүргізіледі. Инженерлік-құрылыс жұмыстарын жүргізуге келісім-шарттар жасасуға үміткерлерді алдын ала бағалау сауда-саттыққа дейін жүргізіледі.

(б) Халықаралық бәсекелестік саудалар негізінде жасалған келісім-шарттар бойынша Банк мүмкіндігінше тезірек кез келген жағдайда алдын ала бағалаудан өтуге бірінші шақыру немесе Жоба бойынша келісім-шарт жасау туралы бірінші шақыру жарияланғанға дейін 90 күннен кешіктірілмей Банк негізді сұрайтын нысанда және егжей-тегжейде және осындай ақпараты бар Сатып алулар туралы Жалпы Хабарлама ұсынылады (және оның жеке жариялануын ұйымдастырады). Банкке жыл сайын халықаралық бәсекелестік сауда-саттықтар негізінде қандай да болмасын тауарлар мен

жұмыстарды сатып алу талап етіліп отырғанға дейін Сатып алулар туралы Жалпы хабарламаны жаңарту үшін қажетті ақпарат ұсынылады.

(с) Халықаралық сауда-саттықтар негізінде жасалатын келісім-шарттар бойынша сатып алу жөніндегі іс-шаралар Сатып алу Ережесінің IV тарауында айтылған рәсімдерге сәйкес Банктің қарауына жатады. Шақырудың әрбір жобасы алдын ала бағалаудан өтуі тиіс және келісім-шарт жасасу туралы ұсынысты беру туралы шақырудың әрбір жобасы оның жариялануына дейін кемінде 42 күннен кешіктірілмей Банкке келіп түседі және онда осындай шақырудың жеке жариялануын қамтамасыз етуге Банктің мүмкіншілігі болу үшін, банк негізді түрде сұраған ақпаратты қамтиды.

5. Халықаралық бәсекелестік сауда-саттықтарда келісім-шарт жасау туралы ұсынысты салыстыру кезінде Заем алушы таңдау бойынша және осы Қосымша Толықтыруының ережелеріне сәйкес осындай тауарларды ұсынушы үміткер Заем алушы мен Банк үшін осы елдегі қосылған құн осы тауарларға сұраған франко-зауыт бағасының 20 пайыздан кем емес құрайтындығын сенімді түрде дәлелдеген жағдайда, Қазақстан өндірілген тауарларға артықша таңдау жасауы мүмкін.

6. (а) Зертханалық жабдықтарды беруге келісім-шарт Сатып алу Ережесінің III тарауында айтылатын елден тыс жерде сатып алу негізінде жасалады.

(b) Келісім-шарт жасау туралы ұсынысты беру туралы шақырудың әрбір жобасы және осындай ұсынысқа қатысты оған байланысты құжат ол жарияланғанға дейін Банктің мақұлдауына берілмеуі тиіс.

(с) Сатып алу Ережесінің 3.03. (b) тармағына қарамастан, келісім-шарт жасау туралы кез келген шешім Банктің алдын ала мақұлдауына жатады.

7 (а) Заемшы Банк қаржыландыратын барлық тауарларды және қызметтерді сатып алу кезінде (олар бөлек сатып алынды ма немесе сатып алынатын басқа тауарлар мен қызметтерге енгізілді ме қарамастан шектеусіз аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда) өнеркәсіптік немесе санаткерлік меншікке қандай да болмасын құқықтың немесе үшінші тұлғаның қандай да болмасын талабының бұзылмауын немесе қозғамауын қамтамасыз етеді.

4-қосымшаға Толықтыру

Осы елде өндірілген Тауарларға артықшылық беру

1. Халықаралық бәсекелестік сауда-саттықтарда келісім-шарт жасау туралы ұсынысты салыстыру кезінде Заем алушы таңдау бойынша және осы Қосымша Толықтыруының ережелеріне сәйкес осындай тауарларды ұсынушы үміткер Заем

алушы мен Банк үшін осы елдегі қосылған құн осы тауарларға сұраған франко-зауыт бағасының 20 пайыздан кем емес құрайтындығын сенімді түрде дәлелдеген жағдайда, Қазақстан өндірілген тауарларға артықша таңдау

жасауы мүмкін. Осы Елдің ішінде қосымша құнның 20 пайызы тізімдегі бір тармаққа қолданылып қоймай, тауарларға сұратылып отырған қорытынды франко-зауыт бағасына қатысты болады.

(а) Осы елде өндірілген тауарларға артықшылық беруді қолдану кезінде келісім-шарт жасау туралы ұсыныстар алдымен мынадай үш санаттар бойынша жіктеледі:

- I Санат - Заем алушының аумағында өндірілген, ел ішіндегі қосылған құнға қатысты ең аз талаптарға жауап беретін тауарлар ұсынылатын келісім-шарт жасасу туралы ұсыныс;
- II Санат - Заемшының аумағында өндірілетін тауарлар басқа тауарлар ұсынылатын келісім-шарт жасасу туралы ұсыныс; және
- III Санат - Импортталатын тауарлар ұсынылатын келісім-шарт жасасу туралы ұсыныс;

(b) әрбір санаттағы төмен бағалау алынған келісімге шартты жасасу туралы тауарларды әкелуге кедендік баждарды және импортқа салынатын басқа да салықтарды және айналым салығы мен ұсынысқа сәйкес тауарларды сатуға немесе беруге алынатын ұқсас салықтарды есепке алмағанда санаттың өз арасында бағалау жүргізілген барлық ұсыныстарды салыстыру кезінде анықталады.

(c) ең төмен баға алған осындай ұсыныстар одан кейін бір бірімен салыстырылады, және егер осындай салыстырудың нәтижесінде I Санаттың және II Санаттың ұсынысы ең тиімсіз деп танылса, ол келісім-шарт жасау үшін таңдап алынады.

(d) Алайда, егер жоғарыда келтірілген (c) тармақшасына сәйкес салыстыру нәтижесінде III Санат ұсынысы ең тиімсіз деп танылса, ол ең төмен баға алған I санат ұсынысымен одан әрі салыстырудан өтеді. Осындай одан әрі салыстыру мақсаттары үшін ғана, мыналарды қосу жолымен арттыру жағына ең төмен баға алған III санат ұсынысының бағасында түзету жүргізіледі:

(i) Салық салудың босатылған импорттық кеден баждарының және импортқа салынатын келісім-шарт жасасу туралы осындай ұсынысында берілген тауарлар үшін төлеуі тиіс болатын; немесе

(ii) егер олар туралы жоғарыда айтылған кедендік баждар мен импортқа салынатын салықтар сұратылған СИФ бағасының 15 пайызынан асатын болса, осындай

тауарлардың СИФ сұратылған бағасының 15 пайызы.

Егер осындай одан әрі салыстырудан кейін І Санат ұсынысы ең тиімсіз деп танылса, онда ол келісім-шартты жасасуға таңдап алынады; керісінше жағдайда келісім-шарт жасасуға ең төмен баға алған ІІІ Санат ұсынысы таңдап алынады.

2. (a) Ерекше артықшылық туралы өтініш білдірген үміткерлер, ел

ішіндегі ең аз қосылған құнды қоса алғанда, артықшылық беру үшін қолайлы ұсынысты белгілеу үшін қажетті растама ұсынады.

(b) Сауда-саттықтар құжаттамасында берілуі тиіс артықшылықты; артықшылық беру үшін қолайлы ұсыныстарды белгілеу үшін ол туралы білдірілген өтінішпен қоса талап етілетін ақпарат және онда жоғарыда айтылған сияқты барлық, келісім-шарт жасасу туралы ұсыныстарды салыстыру кезінде сақталатын рәсімдер анық айтылады.

5-Қосымша Консультанттар

1. Жобаны орындау кезінде консультанттар қызметі, атап айтқанда:

- (a) технологиялық жобаларда;
- (b) құрылысты қадағалауда; және де
- (c) Жолды техникалық сақтауда пайдаланылады;

Консультанттардың құзыретінің шегі Заемшы мен Банк арасындағы келісім бойынша анықталады.

2. Консультанттардың қызметін іріктеуге, жалдауға және қызметіне осы Қосымшаның ережелері және "Азия Даму Банкі мен оның Заемшыларының Консультанттарды пайдалану жөніндегі Басшылық" (1998 жылғы қазан) ереже, оған белгілі бір уақытта Заемшы ұсынған түзетулерді енгізумен бірге қолданылады.

3. Консультанттарды іріктеу және жалдауды келесі рәсімдерге сәйкес Заемшы жүргізеді.

(a) Ұсынысты Таныстыруға Шақыру

Ұсыныстарды таныстыру туралы шақыру және осы мәселелерге қатысы барлық құжаттарды олар жарияланғанға дейін Банк мақұлдайды. Бұл мақсатқа Банкке ұсыныстарды таныстыруға шақыру жобасының үш көшірмесі, шақырылған консультанттар тізімі, ұсынылған ұсыныстарды бағалау өлшемдері және осы мәселелерге қатысы бар басқа да құжаттар ұсынылады. Ұсыныстарды таныстыруға көзделген мерзім кемінде 60 күнді құрайды. Жарияланған шақырудың түпкі мәтінінің көшірмесі осы мәселелерге қатысы бар құжаттармен бірге, жарияланғаннан кейін дереу

т а н ы с у ү ш і н Б а н к к е ұ с ы н ы л а д ы .

(b) К е л і с і м - ш а р т т ы ң Ж о б а с ы

Консультанттармен Банктің жасасқан келісім-шарттың жобасы мақұлдауына
ұсыныстар бағаланғанға дейін күн бұрын ұсынылады.

(c) І р і к т е у т у р а л ы Ұ с ы н ы с

Ұсынылған ұсыныстарды бағалауды жүргізгеннен кейін және келіссөздерге іріктеп
алынған консультанттармен келіссөздер басталғанға дейін жүргізілген іріктеуге
қатысты Банктің мақұлдауын алады. Бұл мақсат үшін ұсыныстар бағаланғаннан кейін
дереу Банкке мынадай құжаттардың үш көшірмесі ұсынылады:

(i) ұсыныстарды бағалау (бұрын Банкке ұсынылмаған әрбір ұсыныстың бір
к о м п л е к т і с і м е н б і р г е) ;

(ii) і р і к т е у д е н е г і з д е м е .

(d) К е л і с і м - ш а р т т ы ң а т қ а р ы л у ы

Келіссөздер аяқталғаннан кейін, бірақ келісім-шартқа қол қоюға дейін Банкке:

(i) оның мақұлдауына талқыланған түрінде келісім-шарт; және

(ii) ұсыныстардың бағалауы ұсынылады.

Келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін Банкке дереу қол қойған келісім-шарттың
үш данасы ұсынылады. Егер келісім-шарт жасалғаннан кейін оған қандай да болмасын
елеулі өзгерістер ұсынылатын болса, ұсынылатын өзгерістер оны алдын ала мақұлдауға
Б а н к к е ұ с ы н ы л а д ы .

4. Іріктеу осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне сәйкес жүргізілетін басқа
елдерден жалданатын консультанттар жалдау жүргізілетін және қолданыстағы
талаптарға сәйкес келетін жергілікті консультанттармен біріктіріледі. Осы мақсат үшін
нақты ережелер осы мағынада осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне сәйкес
Банкке ұ с ы н ы л а т ы н ұ с ы н ы с қ а е н г і з і л е д і .

5. Заемшы тиісті өтінімдерді, кепілдіктерді және егер қажет болса,
консультациялық қызметтер көрсеткен кезде қандай да болмасын үшінші тұлғаның
өнеркәсіптік немесе санаткерлік меншігіне арналған қандай да болмасын құқықтары
немесе құқықтық талаптары бұзылмауын немесе қозғамауын қамтамасыз ету үшін
зиянға, залалға немесе шығындарға консультанттардың кепілдік беру туралы
ережелерді консультанттармен жасалатын Банк қаржыландырылатын барлық
келісім-шарттарға е н г і з у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і .

б - қ о с ы м ш а

Жобаны орындау және Жобаға енгізілген Объектілерді Пайдалану;

Б а с қ а д а М ә с е л е л е р

1. О р ы н д а у д ы ұ й ы м д а с т ы р у

А . Ж о б а н ы о р ы н д а у

1. (а) Заемшы 2001 жылғы 1 ақпанға дейін Қазақстандық Құрауышты орындау жөніндегі күнделікті жұмысқа жауап беретін Жобаны Орындау жөніндегі Топты (ЖОТ) бекітеді және ККМ, мердігерлер, берушілер және Банк арасындағы қажетті байланысты қамтамасыз етеді. ККМ тағайындаған Жобаның басшысы ЖОТ басшысының функцияларын орындайды және оған жол құрылысымен айналысатын білікті инженерлердің және материал танушылар, көпірлер және топырақтану жөніндегі мамандардың жеткілікті санын қамтитын қызметтік персонал және қаржыгерлер мен кеңсе қызметкерлерінен тұратын көмекші персонал тұрақты қолдау көрсетеді. ЖОТ ККМ-нің Инвестициялық Жобалары жөніндегі Бөлімге есептер ұ с ы н а д ы .

(b) Заемшы 2003 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстандық құрауышқа сәйкес жолды техникалық ұстау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін және ЖОТ-қа көмек көрсету үшін, қолайлы біліктілік және жұмыс өтілі Банк үшін Қазақстандық Құрауышты орындау жөніндегі күнделікті жұмыстағы Жолды Техникалық Ұстау жөніндегі Маман басқаратын Жолды Техникалық Ұстауда (ЖТҰҚТ) Қадағалау жөніндегі тиісті түрде Жинақтау Топты ұйымдастырады.

(с) Заемшы жобаны орындаудың барлық уақыты ішінде ЖОТ-пен ЖТҰҚТ-ны тұрақты тиісті жинақтауды және техножұмыс жобалары, жол құрылысын қадағалау және техникалық ұстауға көмек көрсету жөніндегі жұмыстар үшін жобаға сәйкес жалданатын консультанттардың оларға көмек көрсетуін қамтамасыз етеді.

В. Жобаға Басшылық жасау жөніндегі Комитет

2. Заемшы Жобаны орындаудың барлық уақыты ішінде ЖБК-нің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ ол ЖБК-нің мыналар үшін жауапты болуын қамтамасыз е т е д і :

(i) Жобаны және саладағы реформаларды орындауға қатысатын ұйымдар арасындағы байланысты қоса алғанда, Жобаның орындалуы жөніндегі қызметті және о ны ү й л е с т і р у д і қа да ғ а л а у ;

(ii) Жобаның құрауыштарын орындауға байланысты істердің жағдайына шолу;

(iii) қол жеткен нәтижелерді ағымдағы бақылау және орын проблемаларды шешу; ж ә н е

(iv) аймақты дамытуға арналған Жобаның ықпал етуін талқылауға және шолуға арналған орган ретінде жұмыс істеу.

ККМ министрі (немесе оның өкілі) ЖБК-тің төрағасы болып табылады. ЖБК-нің құрамына Жолдар және Жол Көлігі жөніндегі комитеттің Төрағасы, "Қазақавтожол" ұйымының Бас Директоры, Инвестициялық Жобалар жөніндегі ККМ Кеңесінің Басшысы және Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігінің өкілдері енеді. ЖБК-нің жиналыстары жылына кемінде екі рет өткізіледі. Қажет болғанда осындай жиналыстар жылына екі реттен көбірек өткізілуі мүмкін.

С . Ө з г е д е М ә с е л е л е р

Стратегия және Реттеуіштік Аялары

3. Заемшы байланысты Банк қаржыландыратын (ТК N 2631-KAZ: Жол Саласын Институционалдық Нығайту) техникалық көмек және Консультациялық Техникалық Көмек шеңберінде жүргізілген зерделеуге байланысты ұсынымдарды ескере отырып, 2002 жылғы 1 қаңтарға дейін қайта қаралған Автомобиль Жолдары туралы Заңды Парламенттің қарауына ұсынады.

Трансшекаралық Өту Мәселелері

4. Заемшы Трансшекаралық Өту туралы Келісімнің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету үшін оның тарапынан талап етілетін барлық шараларды қабылдайды. Заемшы, атап айтқанда, Өту туралы Келісімге сәйкес және Заемшы мен Қырғыз Республикасы арасындағы трансшекаралық өтулерді жеңілдету мақсатында консультациялар жүргізеді және хаттамалар ресімдейді, Қырғыз Республикасының Үкіметімен және оның мекемелерімен келісімдер және басқа да уағдаластықтар жасасады және Трансшекаралық - шешімдер және қаулылар шығарады.

5. Заемшы 2002 жылғы 1 маусымға дейін Трансшекаралық Өту туралы Келісімнің ережелеріне сәйкес және Консультациялық Техникалық Көмек шеңберіндегі ұсынымдарды ескере отырып, Ақжол-Шу бекетіндегі шекаралар қиылысатын жерде трансшекаралық автомобиль тасымалдауларына қатысты қайта қаралған көлік және кеден құжаттамаларын енгізеді.

Автомобильдік Тасымалдаулар туралы Ережелер

6. Заемшы 2002 жылғы 1 шілдеге дейін:

- (i) Массасы белгіленген нормалардан асып түсетін көлік құралдарының өтуіне бақылау жасау туралы қажетті ережелерді енгізеді, және
- (ii) Трансшекаралық Өту туралы Келісімге Қосымшада ол туралы айтылатын көлік құралдарының салмағы мен мөлшеріне бақылау жүргізеді.

Жол Қозғалысының Қауіпсіздігі және Жолды Техникалық Ұстау және Жол Стандарттары

7. (a) Заемшы 2002 жылғы 1 шілдеге дейін Консультациялық Техникалық Көмек шеңберіндегі ұсынымдарды ескере отырып, жүргізу қауіпсіздігіне, жол конструкциясының қауіпсіздігін қадағалауға, жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқуға, жол қозғалысы қауіпсіздігінің жарнамасына, автомобиль

көлігінің жол қозғалысы қауіпсіздігінің ережесін белгілейтін стандарттарға, жол қозғалысының қауіпсіздігі саласындағы зерттеулерге жәрдемдесу және төтенше жағдайлар кезіндегі жазатайым оқиға нәтижесінде зардап шеккендерге көмектесу үшін Жол Қозғалысының Қауіпсіздігі туралы Заемшының Заңына түзетулерді дайындайды және өзінің Парламентіне ұсынады.

(b) Заемшы 2002 жылғы 30 маусымға дейін коммерциялық негізде осы жабдықты жалға беруді қоса алғанда, жол жабдықтау резервтерін басқару үшін мемлекеттік акционерлік компанияны құрады.

(c) Заемшы 2005 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей күшіне енетін Жолды техникалық ұстау туралы келісім-шарттардың бәсекелестік сауда-саттығы негізінде қорытындыны қамтамасыз етеді. Заемшы, сондай-ақ Банкпен консультацияларда Жолды осындай техникалық ұстау жөніндегі тиісті қадағалауды, ағымдағы бақылауды және есептілік р е с і м і н б е л г і л е й д і .

(4) Заемшы 2002 жылғы 1 шілдеге дейін Банк қаржыландыратын (ТК N 5733-REG) техникалық көмек шеңберінде дайындалған Мемлекеттік Автомобиль Жолдары: Жобалау-Конструкторлық Стандарттар мен Ережелер және Мемлекеттік Автомобиль Жолдары: Құрылыстың Техникалық Шарттары құжаттарын қабылдайды.

Бірлесіп Қаржыландыру

8. Егер Заемшының ТРАКЕКА Грантын және/немесе ЕҚДБ замын алу мүмкіндігі болмаса, Заемшы Келісім Күшіне енген Күннен бастап 12 айдың ішінде:

(i) Жобаны уақытылы және ойдағыдай орындау үшін қажетті талап етілетін қосымша қаражатты алу үшін Банк үшін қолайлы басқа да уағдаластықтар жасайды, н е м е с е

(ii) Заем туралы Келісімнің 4.02-Бөліміне сәйкес Заемшының міндеттемесі үшін, Заемшының ТРАКЕКА Грантын және/немесе ЕҚДБ замын алуының мүмкін еместігі нәтижесі болып табылатын кез келген жетіспеушілікті қаржыландыру үшін залалсыз қосарлас қаржыландырудың қосымша қаражатын ұсынады.

Қоршаған Ортаны Ұтымды Пайдалану жөніндегі және Адам Денсаулығын Қорғау Саласындағы Шаралар

9. (a) Заемшы Жобаға енгізілген объектілерді әзірлеуге қоршаған ортаны және қауіпсіздікті ұтымды пайдалану жөніндегі тиісті шаралардың енгізілуін қамтамасыз е т е д і ; ж ә н е

Жобаға қатысты жүргізілген Қоршаған Ортаның Жағдайын Бастапқы Зерделеуге байланысты қорытындыларға және ұсынымдарға және Банк Жеке Жобалар бойынша Қоршаған Ортаны Ұтымды Пайдалану жөніндегі Ережелеріне сәйкес Жобаға енгізілген

объектілерді салады, пайдаланады және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

(b) Заемшы Жоба қамтитын аумақтардағы орындарда Денсаулық Сақтау Министрлігімен және оның бөлімшелерімен ынтымақтасып ЖҚТБ-ін қоса алғанда, жаппай жұқпалы ауруға байланысты тәуекелдерді төмендету жөнінде шаралар қабылдануын қамтамасыз етеді. Заемшы оқыту ұйымдарында және құрылыспен айналысатын тұлғалар мен пайдаланушыларға арналған жарнама материалдарын таратуда Жобаға сәйкес жалданатын, қадағалау мәселесі жөніндегі консультанттарға және инженерлік-құрылыс жұмыстарын орындайтын мердігерлерге ККМ көмек көрсетуін қамтамасыз етеді. Заемшы ККМ арқылы сол сияқты Жолды пайдалану кезінде көлік құралдарын жүргізушілер арасында осындай ақпараттың таратылуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Әйелдерді Кемсітушілікті Болдырмау және Даму

10. Заемшы Жобаның нәтижесінде құрылатын жаңа жұмыс орындарына байланысты мүмкіндіктерді әйелдердің тікелей немесе жанама пайдалануын қамтамасыз етеді. Заемшы Жобаны орындау кезінде Әйелдерді Кемсітушілікті Болдырмау және Дамыту саласында Банк Саясатының сақталуын қамтамасыз етеді.

Үйлестіру Мәселелері жөніндегі Үш жақты Жиналыс

11. Заемшы жалпы проблемаларды, атап айтқанда шешу Трансшекаралық Өту туралы Келісімнің толық орындалуын қамтамасыз етуді және, Жобаның орындалуымен байланысты іс жағдайын талқылау үшін Алматы мен Бішкекке жылына екі рет кезекпен Жобаға (Банк, ЕҚДБ және ТРАКЕКА) қатысатын Қырғыз Құрауыш және халықаралық несие-қаржылық мекемелерінің бөлігінде Жобаны Орындаушы - Ұйыммен жиналыстардың ККМ және Заемшының кедендік органдарының өкілдерімен жү р г і з у і н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Орташа мерзімді Шолу

12. Заемшы Қазақстандық Құрауыштың жете орындалуының орташа мерзімді шолуы Қырғыз Құрауышының бөлігінде Банк пен Жобаның Орындаушы - Ұйымымен бірлесіп ККМ 2002 жылдың соңына дейін жүргізуін қамтамасыз етеді. Шолудың м а қ с а т ы :

(i) стратегия саласындағы реформалардың орындалуындағы Заемшы жеткен н ә т и ж е л е р д і б а ғ а л а у ;

(ii) Жобаның орындалуын шолу және Жоба қолданысындағы және орындалуы туралы келісушіліктер шегінде қандай да болмасын түзетулер негізділігін анықтау;

- (iii) белгіленген стандарттардың сақталуын анықтау;
- (iv) сатып алумен, қаржыландырумен және күнтізбелік жоспарлаумен байланысты кез-келген мүмкін мәселелерді шешу; және
- (v) Заем туралы осы Келісімнің ережелерін сақтауға шолу болып табылады.

Ағымдағы Бақылау және Бағалау

13. Заемшы осыке және басқа да әлеуметтік-экономикалық деректерге арналған трансшекаралық өту, көлік ағынында, жүктеме туралы деректері бар жинау және талдау жолымен Қазақстандық Құрауыштың ағымдағы бақылау мен бағалау Жобаға сәйкес жалданған қадағалау мәселелері жөніндегі консультанттарға жәрдемдесу кезінде ККМ жүргізуін қамтамасыз етеді. Осы мақсатқа Заемшы мыналарды қамтамасыз етеді:

ККМ Жобаның бастапқы орындалуында базалық деректерді белгілеу үшін

тиісті шолуды жүргізу туралы консультанттарға тапсырма береді.

Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді, ағымдағы бақылауды жүзеге асыратын мыналарды енгізеді:

- жол үшін ақы төлеу және кірепұл ставкасы;
- қозғалыс және оқиға жылдамдығы;
- жол бойынша тасылатын ауыл шаруашылық және өндірістік тауарлар;
- көлік құралдарын басқаруға арналған шығыстар және оларды техникалық ұстау; және

- құрылыс жұмыстары мен техникалық ұстау барысында құрылған жұмыс орындарының саны және түрлері.

Ұсынылған деректер жартылай бөлінеді және оларды жинау Жобаны орындау кезінде және ол аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Қоршаған орта сапасының мониторингі Жоба үшін дайындалған Қоршаған Орта Жағдайының Бастапқы Зерделеу туралы Қысқаша Есебіне сәйкес жүргізілетін болады. Қорытындылар және расталған деректер Жобаның аяқталуы туралы есепке енгізіледі. Заемшы сол сияқты Банкпен келісілген кестеге және құзыреттілік шегіне сәйкес Жобаның құрауыштарына байланысты оң нәтижелерді бағалауды ККМ жүргізуін қамтамасыз етеді.

Шоттардың Аудиті

14. Осы Заем туралы Келісімнің қаржылық есептерді жыл сайын ұсынуға

жататын талаптарын сақтау мақсаттары үшін аудиті жүргізілген Заем қаражаты:

(i) Осындай аудиторлардың Банк үшін қолайлы біліктілігі, жұмыс өтілі және құзыреттілік шегі бар; және

(ii) Банк үшін қолайлы жалдау процесі жағдайына жеке меншік секторында жұмыс істейтін аудиторлардың жұмысына және аудиторлардың есептерін ағылшын тіліне аударуға байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.